

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысы

С. Дауешова

2025 жыл « 22 » 01

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында өтетін «Ертегілер еліне саяхат» қалалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Байқау Астана қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізіледі.
- 1.2. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлер қауымдастығы ұйымдастырады.
- 1.3. Байқау офлайн форматта өткізіледі.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Мақсаты: Өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық, көркемдікке, құндылыққа негізделген тәрбиеге баулудың факторы ретінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 2.2. Міндеттері:
 - 1) Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттерін, дамытуда балабақша қызметінің сапасын арттыру;
 - 2) Педагогтердің тың идеялар мен инновациялық әдістерді қолдану аясын кеңейту, тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау.

3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

- 3.1. Байқауға Астана қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері, музыка жетекшілері мен мектепалды топ тәрбиеленушілері қатыса алады.

4. БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

- 4.1. Бір балабақшадан 1 ертегі ұсынылады. Топ құрамы 3-5 баладан аспауы шарт.
- 4.2. Байқау келесі көрсеткіштер арқылы бағаланады:
 - 1) Тақырыптың ашылуы;
 - 2) Көркем бейнені орындау мәнерлігі;

- 3) Қойылымның шығармашылық ерекшелігі (сценарийдің әзірленуі, көркемдік және музыкалық безендірілуі, декорация, костюмдер)
- 4) Репертуардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- 5) Сахна мәдениеті;
- 6) Театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыруда құндылықтарға негізделген тәрбие арқылы инновациялық әдістерді қолдану қарастырылады.
- 7) Ертегі ұзақтығы – 10 минуттан аспауы тиіс.

5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқау «Есіл, Нұра», «Сарыарқа», «Алматы, Сарайшық», «Байқоңыр» аудандары бойынша әр ауданда кестеге сәйкес жеке өткізіледі.

5.2. Байқауға қатысу туралы өтінім 2025 жылғы 31 қаңтарға дейін (қоса алғанда) do_konkursy@mail.ru электронды почтасы бойынша қабылданады (қосымша 1).

6. БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Қазылар алқасы байқаудың қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтайды.

6.2. Жеңімпаздар Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен, педагогтер сертификаттармен марапатталады.

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында өтетін
«Ертегілер еліне саяхат» қалалық байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

№	Ауданы	Білім беру ұйымының атауы	Қатысушылардың тегі, аты-жөні (толық)	Педагогтердің тегі, аты-жөні (толық), лауазымы	Байқауға қатысу тілі	Байланыс телефоны, электрондық почтасы

Ескерту: Өтінім мекеме басшының қолы қойылған, мекеме мөрі басылған, шығыс нөмері жазылған, word және скан түсіндегі нұсқасы болуы тиіс.

Жауапты: Қ. Көшен